

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 26 қыркүйек N 1285. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 2267 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /11-кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысының / Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 30, 353-бап/ "Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің тәртібі " 3 қосымшасына мынадай өзгертулер енгізілсін:

ҮІ-бөлімде. Агроөнеркәсіп кешенінің дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру:

1-бөлімшедегі мәтінде. Жалпы ережедегі "ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен шарттық байланысы жоқ" және ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен шарттық байланысы бар" сөздері алынып тасталсын;

алтыншы абзац алынып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардағы инвестициялық жекешелендіру қорларының сатылатын акцияларының мөлшері дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындардың монополист кәсіпорындарға немесе монополист емес кәсіпорындарға жатқызылуына байланысты. Бұл орайда монополист емес кәсіпорындарға инвестициялық жекешелендіру қорлары акцияның жалпы мөлшерінің кемінде 51 процентін, ал монополист

кәсіпорындарға кемінде 40 процентін сатады. Мұнан бөлек, монополист кәсіпорындар үшін акциялардың бақылау пакетінің мемлекет меншігінде қалған және олардың жалпы мөлшерінің кемінде 35 процентін құрайтын мөлшері белгіленеді".

он үшінші абзац алынып тасталсын;
елу тоғызыншы абзацтағы "олармен болған шарттық байланыс" сөздері алынып тасталсын;

"Қазагроөнеркәсіптехника" кәсіпорындарын жекешелендірудің ерекшеліктері деген бөлімшеде;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазагроөнеркәсіптехника" кәсіпорындары бойынша акцияларды орналастырудың мынадай тәртібі белгіленеді:";

сегізінші-он екінші абзацтар алынып тасталсын;
"Қазбалықкомитет" кәсіпорындарын жекешелендірудің ерекшеліктері" деген бөлімшеде:

төртінші абзацтағы "тауар өндірушілермен болған шарттық байланыс" сөздері алынып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"- олардың жалпы мөлшерінің кемінде 51 проценті инвестициялық жекешелендіру қорларына сатылады";

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"- акциялардың кемінде 40 проценті инвестициялық жекешелендіру қорларына сатылады";

он бесінші-он тоғызыншы абзацтар алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі